


**«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» «Джанадилова А.Б» ЖШС
«Көжек» бөбекжай - балабақшасы» мемлекеттік тапсырыс бойынша**



**«Джанадилова А.Б.» ЖШС «Көжек» бөбекжай – балабақшасының
мемлекеттік аттестаттау бойынша өзін-өзі бағалау
ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

Ақтөбе қаласы - 2024 ж

Өзін – өзі бағалау туралы қорытынды

«Джанадилова А.Б.» ЖШС «Көжек» бөбекжай- балабақшасы»
(білім беру ұйымының атауы)

Ақтөбе қаласы

«10» ақпан 2024 жыл

Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығымен, Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен 2022 жылғы қараша айында бекітілген мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде, 2024 жылғы 10-24 ақпан күндері аралығында «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» «Джанадилова А.Б.» ЖШС «Көжек» бөбекжай- балабақшасы» мекемесінде өзін – өзі бағалау жүргізілді.

Өзін-өзі бағалаудың мақсаты: ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талабына сай жүзеге асырылуын анықтау.

1. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәлімет

Білім беру ұйымының толық атауы

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі»

«Джанадилова А.Б.» ЖШС

«Көжек» бөбекжай -балабақшасы

Білім беру ұйымының орналасқан жері :

Индекс 030000, Қазақстан Республикасы Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Тұрар Рысқұлов көшесі 16А үй.

Заңды тұлғаның байланыс деректері: Телефон, факс: 8 (7132) 45-21-46;

электрондық пошта: kozhek2020@mail.ru;

инстаграмм парақшасы: @detskiisad_kozhek

сайт : <https://kozhek-aktobe.kz/kz/>

Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері:

Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері: Ажигалиева Жанаргуль Жаугаштыевна, ЖШС «Джанадилова А.Б.» құрылтайшысы 01.09.2020ж. № 05 бұйрығымен меңгеруші қызметіне тағайындалған.

Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттар:

Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары:

Жеке мемлекеттік тіркелу туралы анықтама БСН 221140016830, тіркеу күні 09.11.2022 жыл.

Құрылтайшысы: «Джанадилова А.Б.» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі «Көжек» бөбекжай- балабақшасының Жарғысы.

Рұқсат беру құжаттары:

Рұқсат беру құжаттары: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы 2022 жылғы 01 желтоқсанда №KZ94RVK00042057 хабарлама берілген.

Білім беру ұйымының білім беру салаларының және ұйымдастырылған іс- әрекеті МЖМБС талаптарына сәйкес «Джанадилова А.Б.» ЖШС «Көжек» бөбекжай балабақшасыда оқу-тәрбие үрдісі мемлекеттік білім беру стандарты мен нормативті-басқару құжаттарына негізделіп іске асырылады.

«Джанадилова А.Б.» ЖШС «Көжек» бөбекжай -балабақшасы аптасына 5 күндік жұмыс жасайды. Балабақша сыйымдылығы 170 орын , 7 топ жұмыс жасайды. Қазіргі таңда бір кіші топ, екі ортаңғы топ, екі ересек топ , екі мектепалды тобында 170 бала тәрбиеленуде . Балабақшаға 2-5 жас аралығындағы балалар қабылданады . ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 19 маусымдағы №254 «Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары» бекіту туралы бұйрығы негізінде, мектепке дейінгі мекемелерде құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау мемлекеттік көрсетілетін стандарт талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Балабақшада жалпы қызметкер саны -21 , оның ішінде 10 педагог қызмет атқарады. Оқу –тәрбие жұмыстары аралас тілде жүргізіледі.

Балабақшада дене шынықтыру мен музыка залдары бар, сондай-ақ меңгеруші, әдіскер, медициналық кабинеттері талапқа сай жабдықталған. Медицина кабинетіне лицензия алынды, №22023486 09.11.2022жылда.

Балабақшаның материалдық базасы жыл сайын толықтырылып отырады.

Оқу-тәрбие жұмысына қажетті теледидар, музыка орталығымен, 1 - компьютер,1-ноутбук, 2- принтер, 1- сканер, 1- ксероскөшірмелер, топтарда үстел, отырғыш, кереует, шкафтармен, ойыншықтармен, жиһаздармен және сюжетті ойын бұрыштары жиһаздарымен жабдықталған. Барлық топтарда ойын бұрыштары мемлекеттік стандарт талаптарына сай безендірілген. Балабақша қажетті тұрмыстық бұйымдармен: кір жуатын машина, тоңазытқыштар, үтіктейтін аппарат, т.б. жабдықталған. Төсек орын әр балаға 3 данадан, ыдыстар барлық бала санына жеткілікті, үнемі жаңартылып, толықтырылып отырылады. Медициналық бөлме, асхана бөлмесі қажетті құралдармен жаңартылып талапқа сай жабдықталған, СанПин талаптарына сай. Балабақшада ата-ананың барлық қарым-қатынасы келісім шарт арқылы жүргізіледі. Онда ата-ананың төлем ақысы (тамақтану, балабақша міндеті, ата-ана міндеті) көрсетілген.

Ата-ананың төлем ақысының бағасы күніне 800 теңге. «Джанадилова А.Б.»ЖШС «Көжек» бөбекжай-балабақшасы меңгерушісінің қолы, мөрі қойылып «Іс номенклатурасы» 01.09.2020жылы бекітілген. Мекеме құжаттарының барлығы бекітілген іс номенклатурасының тізімі бойынша жүйелі жүргізіліп отыр. «Джанадилова А.Б.»ЖШС «Көжек» бөбекжай - балабақшасында іс жүргізу мемлекеттік тілде жүргізіледі. Балабақшада кадрлардың жеке-іс қағаздары талапқа сай жүргізілген. Жеке-іс қағаздарда кадрларды жұмысқа алу өтініштері, жұмысқа қабылданғандары туралы, жеке куәлігінің көшірмесі, еңбек кітапшалары, біліктілік

арттыру курстарынан өткен сертификаттары және біліктілік санаты туралы бұйрықтарының көшірмелері барлығы түгел жинақталған. Негізгі қызмет жөніндегі, жеке құрам бойынша бұйрықтар кітаптарының жүргізілуі талапқа сай. Балалар қозғалысы журналы, балаларды қабылдау, шығару бұйрық журналдары талапқа сай толтырылған.

Тәрбие және оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына өлшем шарттар:

Оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының (бұдан әрі – ҰОЖ) талаптарына сәйкестігі ;

«Джанадилова А.Б.» ЖШС «Көжек» бөбекжай- балабақшасында 2021-2022ж, 2022-2023ж, 2023-2024 жылдарына арналған оқу жұмыс жоспарлары қалалық білім бөлімінің басшысымен келісіліп, балабақша меңгерушісімен бекітілген және мекеме мөрі қойылған. Оқу жүктемелерінің көлемі үлгілік оқу жоспарларына сәйкес келеді, 2021 -2022 оқу жылында 3- ортаңғы тобы, 3 -ересек тобы, 1- мектепалды даярлық топтары; 2022-2023 оқу жылында 3- ортаңғы тобы, 2 -ересек тобы, 2- мектепалды топтары; 2023-2024 оқу жылында 1- кіші тобы.2- ортаңғы тобы, 2 -ересек тобы, 2- мектепалды топтары жұмыс жасаған.

2021-2022 оқу жылындағы оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығының 1 қосымшасы (*өзгеріс:12.05.2020 №195 бұйрықтары*) бойынша құрылған.

2022-2023, 2023-2024 оқу жылындағы оқу жұмыс жоспарлары, және ұйымдастырылған іс- әрекеті Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (бұдан әрі-МЖМБС) талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557(*өзгеріс:09.09 2022ж №394*) бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына» (бұдан әрі-ҰОЖ) негізделіп құрылған және бекітілген.

2021-2022 – оқу жылында ортаңғы тобында -12 сағат, 1 сағат вариативтік бөлім «Табиғат үні» 1,0 сағ. және ересек қазақ тобы үшін -14 сағат, 2 сағат вариативтік бөлім - «Ғажайып әлем», «Ата тегі асыл қазына», ересек орыс тобы үшін -14 сағат сағат вариативтік бөлім - «Идём дорогу добра», «Солнце воздух и вода-наши верные друзья», 2 мектепалды даярлық 17сағат, 3- сағат вариативтік бөлім «Ғажайып әлем», «Ата тегі асыл қазына», «Мейірімділік пен әділдік мекені » жоспарланып алынған.

Осыған орай оқу жұмыс жоспары, ұйымдастырылған іс- әрекеті 2021-2024 оқу жылында МЖМБС мен ҰОЖ басшылыққа ала отырып құрылғаны және бекітілгені анықталды.

Білім беру қызметін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) және білім беру бағдарламаларына (вариативтік, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес іске асыру.

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылындағы өлшемшарттар бойынша талдауға ұсынылған құжаттарды зерделеу барысында «Джанадилова А.Б.» ЖШС «Көжек» бөбекжай балабақшасында, мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін қолайлы және қауіпсіз білім беру жағдайлары жасалған.

Балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік және дағдылардың мақсаты арқылы жұмысы жоспарлағаны анықталды.

2021-2022 оқу жылдарында білім беру қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499(өзгеріс:24.09 2020ж .№412) бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына» негізделген.

2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 (өзгеріс:14.10 2022ж №422) бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына» негізделген.

Оқу-тәрбие жұмысы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына орындау мақсатында баланы жеке тұлға ретінде дамытудың тиімді жолдарын қарастырылған.

Тәрбие мен оқытудың мазмұны- «Физикалық қасиеттерді дамыту», «Коммуникативтік»дағды, «Танымдық және зияткерлік » дағды, «Шығармашылық» дағды, «Әлеуметтік- эмоционалды» дағдыларға негізделген және оларды әрекет түрлерін ұйымдастыру арқылы кіріктіру жолымен іске асырылуда, оқытудың мақсаттар мен міндеттеріне қол жеткізуде педагогтар ұйымдастырылған іс-әрекетінде жүзеге асыруда .

Қозғалыс, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білімдерді, біліктер мен дағдыларды, өз бетінше оқу дағдыларын, оның ішінде ерте жастағы балаларда қалыптастыру бойынша өткен екі оқу жылы мен ағымдағы оқу жылында үлгілік оқу бағдарламасы бойынша материалдар топтамасын қолдануда және балалармен ұйымдастырылған іс- әрекетті жүзеге асырудағы әр оқу жылының бірінші педагогикалық отырысында бекітілген.

Білім беру процесінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, 2021-2022, 2022-2023,2023-2024 оқу жылдарына педагогтар перспективалық жоспар және жоспарға сәйкес циклограмма құрастырған.

Балалардың денсаулығын және өмірін сақтаудағы қауіпсіздік ережелері, дамыту орталықтарда жас ерекшеліктері сақталған.

2021-2022 оқу жылдарына 6- вариативтік бағдарлама МКҚК №21 « Кәусар бұлақ» мектепке дейінгі ұйымы және МКҚК №19 «Бұлақ» мектепке дейінгі ұйымы мен ЖШС «Бопай» балабақшасы тәрбиешілерінің бағдарламалары алынды, барлық

бағдарламалар қалалық білім бөлімінің сараптау отырысымен бекітіліп , қолданыста болған.

2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 (өзгеріс: 14.10.2022ж №422) бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына» уақытша вариативтік бөлім тоқтатылғандықтан, қолданыста болмағандығы анықталды.

«Джанадилова А.Б.» ЖШС «Көжек» бөбекжай балабақшасында 2021-2022, 2022-202, 2023-2024 оқу жылдарында **инклюзивті білім беру** жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер қабылданбағандығы анықталды.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29329 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын (бұдан әрі-Үлгілік қағидалар) сақтау;

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары бойынша педагогтар тізімі ұсынылды.

2023-2024 оқу жылында 10 педагог жұмыс атқарғанды, оның ішінде 2- педагог жоғары білімді, 1- педагог арнаулы орта білімді. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту мамандығы бойынша 2 жоғары, 5 арнаулы орта білімді педагогтар бар. Олардың ішінде 1-педагог «Педагог-модератор», санаты жоқ 9- педагог.

Оқу жылдары	Педагогтар саны	Білімі		Санаты						
		Жоғары мек.тәрбие	Арнаулы мек.тәрбие	жоғары	I	II	Модератор	Сарапшы	Зерттеуші	Санатсыз
2021-2022 оқу жылы	8	2/25%	3/37,5%	0	0%	0%	1/12,5%	0	0	7/87,5%
2022-2023 оқу жылы	8	2/25%	3/37,5%	0	0%	0%	1/12,5%	0	0	7/87,5%
2023-2024 оқу жылы	10	2/20%	4/40%	0 %	0%	0%	1/10%	0	0	9/90

Осылайша, мектепке дейінгі ұйымдар басшысы, тәрбиешілерінің жалпы санынан "Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту" мамандығы бойынша арнаулы орта және жоғары білімі бар педагогтердің үлесі 59.7% құрайтыны анықталды. Жалпы 1 жылдық қорытындысы бойынша педагогтердің сапалық құрамының өсу динамикасы байқалады. Жалпы педагогтердің диплом бойынша мамандықтары атқарып жүрген қызметтеріне сай келеді.

Балабақша педагогтары жыл сайын біліктілігін арттыру курстарынан өтіп отырады , 2021-2022 оқу жылында 1- педагог , 2022-2023 оқу жылында 3- педагог, 2023-2024 оқу жылында 8- педагог АҚ «БАҰО Өрлеу» біліктілігін арттыру курстарынан өтті.

Қосымша : 2- қосымша бойынша педагогтердің тізімі қоса тіркелді.

Балабақшаға 2 жастан 5 жасқа дейін аралығындағы балалар қабылданады.

Топтардағы балалар саны «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын

бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығына сәйкес анықталады. Өтініштерді есепке алу, мектепке дейінгі мекемеге қабылдау үшін жолдама рәсімдеу және беру тәртібін Мемлекеттік басқару органы белгілейді. Баланы Кәсіпорынға басқару органның жолдамасы, баланың даму тарихының көшірмесі, эпидемиологиялық ортасы туралы учаскелік дәрігердің анықтамасы негізінде жүргізіледі.

Балабақша меңгерушісі мен тәрбиешілер, тәрбиеленушілердің ата-аналары (заңды өкілдер) арасындағы қатынастарды реттеу және рәсімдеу келісім-шартта көрсетіледі.

Балаларды күтіп бағу үшін төлемді балабақша меңгерушісі бекітіп, ата-аналармен жасалған келісім-шартта көрсетілген .

Балабақшада баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік–кеңістіктік дамытушы ортасында анықталғаны:

Жалпы барлық топтарда балалардың жақ – жақты дамуына жағдай жасау мақсатында бес дағды негізге алынып жасақталған.

1. «Физикалық дамыту» дағдысы бойынша сауықтыру жұмыстарын жүзеге асыру үшін жоспарланған қажетті жағдайлар жасалған. Балабақшада дене шынықтыру залы музыка залдары бар , стандартқа сай үрмелі доптар, кубиктер, кеглилер, гимнастикалық қабырғалар, құрсаулар, массажды кілемшелер, қимылды ойындар жиынтығы жинақталған. Одан әрі топтарда денсаулық бұрышы доптар, кеглилер, хоккей, теннис, шашкалар құм қалташалары, жаттығуға арналған спорттық құралдармен жасақталған.
2. Жазғы ойын құралдары доп, секіргіш, құрсаулар, самокат , велосипед , қысқы ойын құралдары шана, коньки , шаңғы қамтылған
3. «Коммуникативтік» дағды бойынша балалардың жас ерекшеліктері байланысты, бейнелі- рөлді ойындармен қамтылған (отбасы, дүкен, дәріхана, тігінші, шаштараз , құрлысшы, банкомат , өрт сөндіруші , полиция, жүргізуші рөлдік ойындар); мектепалды топтарына арналған үстел- үсті дамытушы ойындар ортаңғы топтарында монтессори технологиясының элементтерін қолдануда, балалардың саусақтарының ұсақ моторикасын дамыту мақсатында фетрден тігілген және түрлі дамытушы ойындар жасақталған. Балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты дамытушы ойын түрлері :
4. Құрастырмалы карточкалар (әріпке байланысты).
Не қайда мекендейді?
Қоқыстарды жина .
Қомағай жемістер.
Бейнені құрастыр.
(құстар, аңдар)
Киіз үй, кілем тоқу, шаш өру, ақылды кітап.
Экологиялық ойындар .
Қуыршақты киіндір.
Бейнені құрастыр
(құстар, аңдар)

Қазақтың ұлттық киімдері. Экологиялық ойындар: суретпен әңгімелеу, ауа ластайтын, қажет ететін нәрселер.(фетрден жасалған көрнекіліктер) жинақталған.

1. «Шығармашылық» дағдыға арналған заттық дамытушы ортада музыка залында балалардың жас ерекшеліктеріне сай заманауи көрнекіліктер, түрлі музыкалық аспаптар (домбыра, соқпалы (барабан, бубен, сылдырмақ), үрмелі аспаптар), көрнекіліктер эстетикалық тұрғыда жабдықталған. Мерекелерге байланысты ертеңгілік , ойын – сауықтарда кейіпкерлерге арналған үлкендерге және балаларға арналған костюмдер жинақталған. Топтарда музыкалық аспаптар драматизациялауға

арналған қуыршақтар ,театрланған қойылым атрибуттары, маскалары заманауи театр түрлері (қуыршақ театр, көлеңке театр, саусақ театр)жинақталған.

2. «Танымдық және зияткерлік» дағды бойынша түрлі ортаңғы топтарында құрастыруға арналған түрлі көлемдегі кубиктермен, ойын құралдары, ересек , мектепалды топтарында танымдық ойындар конструкторлар (пластмасса, жұмсақ пазлдар), Визеборд , Пазлдар (әр түрлі) ,мозайкалар, құрастырмалы карточкалар (санға, пішінге байланысты) соның ішінде фетрден жасалған балалардың жас ерекшелігіне сай ойын түрлері жоғары деңгейде жабдықталған.

3. «Әлеуметтік- эмоционалды» дағды бойынша топтарда «Ұлттық бұрыш», «Театр бұрыштары», «Жол қауіпсіздік ережесі» стенді жабдықталған. Барлық топтарда табиғат бұрышында балалардың жас ерекшеліктеріне сай гүлдер, тірі табиғат (балық , тоты құс) жабдықталған.

Мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ойын түрлерімен және жиһазбен жабдықтаудың нормасына сәйкес жабдықталған.

Қосымша :

1- қосымша бойынша жабдықтармен жиһаздардың тізімі және бұғалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдар тізбесі қоса тіркелді.

Барлық топтарда балаларға кітаптарды оқып беруге, балалардың жасына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауға, кітаптардағы иллюстрацияларды көрсету және оларға түсініктеме беруге, балалардың ойларын тыңдауға, балаларға қызықты кітаптарды таңдауға, сондай-ақ балаларға арналған аудио шығармалардан және планшеттік компьютермен (20 шт) кітап бұрышы ұйымдастырылған. Балалардың өз бетінше, бірлесіп кітаптарды қарауына, тыңдалған шығармалардағы кейіпкерлердің әрекетін ойында қайталауға немесе ойдан кейіпкердің рөлін өзінше сомдауға және т.б. мүмкіндік берілген.

2- қосымша бойынша оқу – әдістемелік кешендердің тізбесі қоса тіркелді.

Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы;

Аталған өлшемшарттар бойынша зерделеуге ұсынылған материалдар талдау өткен 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары мен ағымдағы оқу жылында баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке даму карталары жас ерекшеліктеріне қарай жабдықталған. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес тәрбиеленушілерінің жеке даму жоспарларының (карталарының) көшірмелерінде түзету іс -шаралары жүргізілген, бастапқы, аралық, қорытынды мониторингтен кейін «Физикалық қасиеттерді дамыту», «Коммуникативтік дағдыларды дамыту», «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту», «Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту», «Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру» дағдылары бойынша барлық топтардың тәрбиеленушілерінде түзету іс-шаралары жоспарланған.

Бұдан Білім беру қызметін қазіргі қолданыстағы Қазақстан Республикасы Оқуағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 1-қосымша 2 тарауының б) тармағына *«Тәрбиеленушілердің құзыреттіліктерін, физикалық және жеке қасиеттерін дамыту олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады»* сәйкес тәрбиеленушілерінің жеке даму карталары талапқа сәйкес құрылған.

Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы) болуы және нәтижелерін талдау;

Зерделеу кезінде 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары жасақталған топтарда тәрбиеленушілердің дамуының бастапқы мониторингі ұсынылған, тәрбиеленушілердің даму мониторингі жас ерекшелігіне сай өткізілгені анықталды. Бастапқы мониторингі бақылау парақтары «Физикалық қасиеттерді дамыту», «Коммуникативтік дағдыларды дамыту», «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту», «Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту», «Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру» дағдылары толық қамтылған, дағдылар бойынша қорытынды нәтижелері шығарылған көшірмелері ұсынылған. Бағалау кезеңі бойынша тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар тәрбиеленушінің жасына сәйкес оның жетістіктерін мониторингілеу негізінде үлгілік оқу бағдарламасында күтілетін нәтижелер түрінде I, II, III деңгей бойынша анықталған.

Бала саны	Кезеңдері	Төмен деңгейдегі балалардың үлесі	орта деңгейдегі балалардың үлесі	Жоғары деңгейдегі балалардың үлесі
2021-2022 оқу жылы				
151	Бастапқы	30/20%	112/74%	9/6%
2022-2023 оқу жылы				
167	Бастапқы	28/17%	90/54%	49/29%
2023-2024 оқу жылы				
170	Бастапқы	23/13%	90/53%	57/32%

Әдіскер тарапынан балалардың біліктері мен дағдылары дамуының бастапқы бақылау нәтижелері бойынша жиынтық есебі төмен, орташа, жоғары деңгейлер бойынша анықтап қорытынды нәтижелері көрсетілген.

Үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің (қорытынды) болуы және талдау;

2021-2022, 2022-2023 және ағымдағы 2023-2024 оқу жылындағы кіші «Жұлдыз» тобы, ортаңғы «Балапан», «Ботақан» топтары, ересек «Құлыншақ», «Солнышко» топтары және мектепалды «Күншуақ», «Арлан» топтарының тәрбиеленушілерінің біліктері мен дағдыларының дамуын бақылау бойынша қорытынды мониторинг нәтижелерінің көшірмелері (бақылау парағы, жиынтық есеп) талдауға ұсынылған.

Бала саны	Кезеңдері	Төмен деңгейдегі балалардың үлесі	Орта деңгейдегі балалардың үлесі	Жоғары деңгейдегі балалардың үлесі
2021-2022 оқу жылы				
173	Қорытынды	0 %	61/35%	112/65%
2022-2023 оқу жылы				
167	Қорытынды	0%	55/33%	112/ 67%

2023-2024 оқу жылы				
0	0	0	0	0

Педагогтар бақылау парақтарындағы «Біліктер мен дағдылардың даму деңгейі» көрсеткіштері бойынша әрбір баланың біліктері мен дағдыларының даму деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін топтардың жиынтық есептерін жасаған. Балабақша бойынша әдіскердің жалпы жиынтық есебі ұсынылған, қорытынды мониторингін талдау бойынша нәтижелер ұсынылған, дағдылар тізбесі, топтардағы балалар саны көрсетілген, қорытындысы шығарылған.

10.Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшем шарттар:

10.1) МДТО ҰОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы.

Оқыту тілдері бойынша апталық оқу жүктемесі сақталған, тәрбиеленушілер қазақ тілінде тәрбиеленетін болғандықтан оқу жұмыс жоспарлары "Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығының 1 қосымшасына «**1 жастан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейін балаларды оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары**» сәйкес жоспарланған. Оқыту тілдері бойынша апталық оқу жүктемесі сақталған

11.Тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптар:

11.1) балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау;

«Джанадилова А.Б.» ЖШС «Көжек» бөбекжай-балабақшасы бағалау кезеңіне тәрбиеленушілердің тізімін бекітіліп ұсынған, топтардың 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылы бойынша 3 қосымшаға сәйкес тәрбиеленушілердің тізімін аты-жөнін, туған жылын, айын, топтың атауын, жас кезеңдерін, жас тобын көрсете отырып ұсынған.

Жас кезеңін сақтау және топтарды бірдей жастағы немесе әртүрлі жастағы принцип бойынша жинақтауы талданды.

2023-2024 оқу жылы бойынша бір кіші тобында-27-тәрбиеленуші, екі ортаңғы топтарда -52 тәрбиеленушілер, екі ересек топтарында 54 – тәрбиеленушілер, екі мектепалды топтарында 42 – тәрбиеленуші тізім бойынша бекітіліп ұсынылды.

2023-2024 оқу жылында 3 қосымшаға сәйкес тәрбиеленушілер тізімі, жас топтары бойынша жас кезеңдері сақталған, мониторингідегі тәрбиеленушілер тізімімен сәйкес келеді.

Қосымша : 3- қосымша бойынша тәрбиеленушілердің тізімі қоса тіркелді.

11.2) тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік

оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.

«Джанадилова А.Б.» ЖШС «Көжек» бөбекжай- балабақшасында талдау үшін ұсынылған құжаттарды талдау барысында тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды орындау туралы мәлімет бағалау кезеңіне ұсынылған. Мектепке дейінгі ұйымдағы балалардың қозғалысы кітабы, балаларды қабылдау және шығару, ауыстыру туралы бұйрықтарының көшірмелері талдауға ұсынылған. Жалпы балабақшада тәрбиеленушілерді топтан топқа ауыстыру жүргізіледі.

ҰСЫНЫСТАР:

- 1.Сапалы тәрбиелеу мен оқыту үшін жасалынған жағдайдың деңгейін ары қарай көтеру мақсатында жұмыстар жалғастырылсын;
- 2.Педагогтердің санаттық деңгейін көтеру жұмыстары жүйелі жолға қойылып жалғастырылсын;
- 3.Тәрбиеленушілердің білім көрсеткіштерінің сапасын арттыру бағытында жұмыстар күшейтілсін;
- 4.«Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесінің 2022 жылғы 27 желтоқсанында бекітілген 2024 жылы мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізімі негізінде өткен екі оқу жылының аттестаттау материалдары Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментіне ұсынылсын.

ҚОРТЫНДЫ: «Джанадилова А.Б.» ЖШС «Көжек» бөбекжай-балабақшасы «Бөбекжай-балабақшаның өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу» туралы 01.02.-29.02.2024 жылғы № 08 бұйрығы негізінде ұйымдастырылып, өткізілген өзін-өзі бағалау жұмыстарының қортындысы «қанағаттанарлық» деңгейде деп есептелсін.

Комиссия төрағасы

Комиссия мүшесі



Ажигалиева Ж.Ж

Изтлеуова А.Б.
Бақытжанова С.Б.